Жоба мерзімі: «Салауатты өмір салты» атты ауысымында

Тақырыптың өзектілігі: «Бөбек» ҰҒПББСО оқу-сауықтыру кешенінің кезекті ауысымына келген демалушы балаларды шығармашылыққа баулу, сонымен қатар өз туындыларын бағалай алуға тәрбиелеу. Әсем бұйымдардың бағалы екенін түсінуге үйрете білу.

Күтілетін нәтиже: «Бөбек» орталығының «Балаларға өмір сыйла!» қайырымдылық жобасы құрылып, жоба бірнеше жылдан бері жұмыс атқарып келеді. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» - деген халқымыздың игі дәстүрі қазіргі кезде қайырымдылық қоғамдарының іс - тәжірибелерін жалғастырып келеді. Жақсылық жасайтын жандар әрқашан арамыздан табылып жатқаны қуантарлық жағдай.

Осы орайда, 05.08. күні "Бөбек" орталығының оқу - сауықтыру кешенінде “Балаларға өмір сыйла!” жобасы аясында жәрмеңке ұйымдастырылды. Бұл ерекше шарада балалардың өз қолдарымен жасаған бұйымдары сатылымға қойылып, әр жұмыс жүректен шыққан шынайы еңбекті көрсетті. Мейірім мен шабытқа толы осындай жобаға атсалысқан барлық балалар мен оқу-сауықтыру кешенінің қызметкерлеріне алғыс білдіреміз! Бұндай игілікті іс «Бөбек» тарихында алғашқы жасалған іс емес.

Айналамызға ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсету – адамгершіліктің ең үлкен құнды қасиеті екенін ұрпақтан –ұрпаққа үлгі ете отырып, алғысқа бөленуден артық сый жоқ екендігін жеткізе алсақ үлкен игілікті істің шыңына жету деп түсінеміз. Қазір әрбір адам жылы сөзге, қолдауға, өзгелердің көмегіне мұқтаж. Сондықтан, демалушы балалардың уақытын тиімді пайдаланып, шығармашылық қасиетін дамытып, өздеріне қуаныш, басқаларға көмек қолын создық.

«Бөбек» ҰҒПББСО оқу-сауықтыру кешенінің сауықтыру орталығы көмек көрсетуге әрқашан дайын!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

"Жұлдыздар бәйгесі" атты сайысының
СЦЕНАРИЙ

Жауапты:
Момбекова Л.Қ.

Өтетін күні: 27.07.2025 ж.
Өтетін жері: Холл ОСК
Өтетін уақыты: 15:00
Қатысушылар: 2025 жылдың 8 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым

Мақсаты:

Еліміздің жарқын болашағы мен келешегі үшін оқушылардың дарыны мен қабілетінің артуына жол ашу.

Білімді де өнерлі ұл – қыздарды тәрбиелеу.

Өнерпаздарды жан – жақты зерттеп, әнді көпшілік алдында қысылмай еркін орындауға бейімдеу.

Балаларды мәдени сахнаға баулу

Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий

Іс - шара барасы

Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

1. **Жүргізуші:** Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қонақтар! Қырандай қалықтап, әсем әнмен шарықтап, Қазақстанды аралап, өнерліні жағалап, микрофонды тоздырған «Жұлдыздар бәйгесі» байқауы міне біздің де кешенге келіп жетті.

2. **Ведущий:** Добрый вечер, дамы и господа, мы рады видеть вас в нашем уютном зале. Сегодня состоится вечер настоящего, живого звука!
Қазақ халқы қашанда өнермен өнерпазға кенде болмаған . Ал, ән әлеміндегі жұлдыздарымыздың орны бөлек. Аспан әлеміндегі сан жұлдыздың жарқырай

көрінуі – әр баланың бағының жанып, бабының келіскені деп ұғамыз. «Жұлдызың жансын!» - деген қазақи ақ тілекпен кешімізді бастайық!

1.Жүргізуші:
Бүгінгі «Екі жұлдыз» байқауы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде 2 қатысушының жұптасып ән айтуларын тамашалайтын боламыз, ал екінші бөлімде «Әуенді тап!», яғни «Угадай мелодию» ойынын жалғастырамыз!

1. Жүргізуші: Ендеше, жұптарды ортаға шақырмастан бұрын бүгін осы жұптарды номинация бойынша марапаттайтын және кімнің нағыз жұлдыз екенін шешетін «Әділ қазылар» алқасын ортаға шақырайық.

1. Дәрігер Кузембаева Эльмира Алтынбайқызы
2. 1-ші топ тәрбиешісі Макажанова Айнагуль Машираповна
3. 5-ші топ тәрбиешісі Узенова Рахия Нурмаханбетовна

Жүргізуші: Ал енді күміс көмей, жез таңдай жұлдызды жұптарды ортаға шақырайық! Благодаря музыке мы живем,мечтаем,верим в счастье,верим в мечту. Музыка - это часть нашей жизни.

1) Маратов Темирлан, Сапарғали Мәди.

2) Жанұзақ Мағжан, Әділтай Кәусар.

3) Султанова Амина, Наурызбай Назерке.

4) Жумабек Інжу, Айша Дауренқызы.

Ал, жұптар бүгін жұлдыздарыңыз жана берсін! дей отырып, сіздерге сәттілік тілейміз.

1. **Жүргізуші:** Өнер десе, қанатын өрге сүйрейтін алғашқы өнерпаз жұптарымызды ортаға шақырамыз.

2. **Жүргізуші:** Сонымен келесі жұбымызды қошеметпен ортаға шақырайық!. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын өнерпаз жұптарымызға қол соғып, қошеметтеріңізді көрсетіп отырыңыздар! Рахмет!

1. **Ведущий:** Как приятно выступающим, когда их встречают бурными аплодисментами. Ведь аплодисменты говорят им: Здравствуй, мы рады тебя видеть! Спасибо, нам понравилось, это здорово!

2. **Жүргізуші:** Келесі жұбымызды қошеметпен ортаға шақырайық.

Жүргізуші: Осы жобаға қатысу үшін барлық жұп аз ғана уақыт ішінде өз өнерлерін көрсету үшін бар күштерін салып, дайындалды емес пе?
Жүргізуші: Иә, рас айтасың, бірін жақсы, бірін жаман деуге болмайды. Әр жұптың өзіндік кемшіліктері мен ерекшеліктері бар. Сондықтан номинация бойынша байқауға қатысушылардың өнерін бағалау үшін қазылар алқасы ойланып шешім шығарғанша келесі «Әуенді тап!» бөліміне кезек берейік.
Жүргізуші: Қазір 4 ән қойылады тапқан жұп қол көтеріп, сол әннің атын, бір шумағын айтып беруі тиіс! Қай жұп бірінші қол көтереді сол жауап береді. Осылайша біздің байқау өз жалғасын табады.
Жүргізуші: Сахна төріне байқауға қатысушыларды марапаттау үшін қазылар алқасын шақырайық!

«Екі жұлдыз» байқауына қатысушыларды марапаттау.
«Ең үздік дауыс»- Жанұзақ Мағжан, Әділтай Кәусар
«Жарасымды жұп» - Султанова Амина, Наурызбай Назерке.
«Талантты жұп» - Маратов Темирлан, Сапарғали Мәди.
«Биші жұп» - Жумабек Інжу, Айша Дауренқызы.

1. **Жүргізуші:** Құрметті де қадірменді қонақтар! Осымен «Екі жұлдыз» байқауы да өз мәресіне жетті. Біздің мақсат осындай өнерпаздарымыздың өнерлерін мына сіздерге паш ету. Өнерлеріңіз өрге жүзсін! Кездескенше достар!
2. **Ведущий:** И так завершился конкурс «Две звезды». Желаем нашим конкурсантам творческих успехов и больших побед! До встречи, друзья!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Дана Абай – Дара Абай!» Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған әдеби-сазды кештің
СЦЕНАРИІ

Өткізілетін күні: 29.07.2025 ж.
Дата проведения: 29.07.2025 г.
Өткізілетін уақыты: сағат 10.00
Время проведения: 10.00 ч.
Өткізілетін жері: Салтанат залы
Место проведения: Актовый зал
Қатысушылар: 2025 жылдың 8 - ауысым балалары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Участники: дети 8-й смены 2025 года, педагогический коллектив, медицинские сотрудники.
Мақсаты: Оқушыларға Абай Құнанбайұлының өмір жолын, шығармашылығын таныту, Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін насихаттау, оқушыларды адамгершілікке, рухани тазалыққа тәрбиелеу.
Цель: Познакомить учащихся с жизнью и творчеством Абая Кунанбаева, популяризировать его стихи и «қара сөздер» (прозаические изречения), воспитывать учащихся в духе гуманизма и духовной чистоты.

Міндеті:

- Оқушыларды шығармашылыққа және өз ой-пікірін көркем жеткізуге баулу;
- Қазақ халқының әдебиеті мен музыкасының мәңгілік құндылықтарын дәріптеу.

Задачи:

- - Прививать учащимся творческие навыки и ценности казахской литературы и музыки;
- - Развивать умение красиво выражать собственное мнение;

Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, презентация, микрофондар, планшет, сценарий
Необходимые материалы и оборудование: музыкальная аппаратура, музыкальное сопровождение, презентация, микрофоны, планшет, сценарий.

Жүргізушілер (Ведущие): Құдайбергенова А.Ш., Дарушева А.Б – *тәрбиешілер.*

Үнтаспадан «Саржайлау» күйі орындалып тұрады. (фоновая музыка «Саржайлау»)

(экранда қазақтың жайлауы, қазақтың бұрыңғы өмірінен бейнебаян көрсетіліп жатады)

Жүргізуші:

Өткен ғасыр...
Үн келеді алыстан
Қоңыраулатып құлын тайы жарысқан.
Үн қатады даналықтың тілімен,
Бабам менің мынмен жалғыз алысқан.
Сол ғасырмен тілдесемін, сөйлеймін.
Саф ауаға мөлдір суға шөлдеймін.
Еркін ойдың қанаттары қағылған,
Абай туған алтын ғасыр сен деймін!

Армысыздар, аяулы ұстаздар! Құрметті қонақтар! Қазақ халқының біртуар кемеңгер ақыны, асыл сөздің зергері, ұлы ойшыл, поэзия алыбы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Дана Абай – Дара Абай!» атты әдеби-сазды кешімізге қош келдіңіздер!

Ведущий:

Добрый день, уважаемые педагоги! Дорогие гости! Добро пожаловать на литературно-музыкальный вечер посвящённый 180-летию великого казахского мыслителя, поэта, просветителя и мудреца — Абая Кунанбаева.

Жүргізуші: Абай – халқымыздың жүрегінде мәңгі жасайтын тұлға. Оның қалдырған өлеңдері мен қара сөздері – әрбір қазақтың жанына жақын асыл қазына. Бүгінгі кешіміз сол қазынаны тереңірек танып, ұлықтау үшін арналмақ.

Ведущий:

Абай — личность, навечно занявшее место в сердце нашего народа.

Его стихи и философские слова — бесценное духовное богатство каждого казаха.

Сегодняшний вечер посвящён осмыслению и почитанию этого наследия.

К вашему вниманию сценическая постановка «Детство Абая»

🎭 САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ СЦЕНАРИЙІ

Тақырыбы: *«Абайдың балалық шағы»*
Ұзақтығы: 5–7 минут

Қатысушылар:

- **Абай (бала)**
- **Зере әже**
- **Үлжан анасы**
- **Құнанбай (әкесі)**
- **Жетінші кісі (Жаршы)** – сахна сыртынан баяндаушы
- Ауыл ақсақалдары

Жаршы (сахна сыртынан):
– Бұл -XIX ғасырдың орта шені. Шыңғыстау баурайындағы қалың елдің биі, аға сұлтан Құнанбайдың қара шаңырағы. Осы қара шаңырақта даналыққа толы әңгімелер айтылып,қазақтың рухы бесіктен бастап бойға сіңірілетін. Құнанбайдың ұлы Абай – бала кезінен зерек, халық ертегілерімен сусындап өскен болашақ ақын, орыс жазушыларының шығармаларына да өте мән берген философ.

(Сахнада ауыл бейнесі – киіз үй, от жаққан пеш, самауыр. Зере әже тізе бүгіп отырады, Абай оның қасында жатады.)

Зере:
–Абайжаным, бері отыршы, айналайын. Кітаптан басыңды бір көтермедің ғой... Көз майыңды тауысып жібересің ба деп қорқамын.
Абай: (кітаптан көзін алмай)
-Әже, мына хикая қызық екен. Жақсы адамдардың сөзі жаныма жақын.
Үлжан: (қолындағы ыдысын қойып)
-Балам, әкең келе жатыр. Сәлем беріп, қарсы ал!.
(Сырттан Құнанбай кіріп келеді, жүзінде қаталдық пен мейірім аралас)

Құнанбай:

- Абай, тағы да кітап оқып отырсың ба, балам? Жігіттің ерте тұрып, ел ісін үйренетін кезің емес пе?

Абай: (кітапқа қарап отырып, сөзін анық айтады)

-Әке, ел ісіне де үйренермін. Бірақ мына кітаптағы сөздерде үлкен ғибрат бар екен.

Зере: (құшағына тартып)

-Құлыным, оқы да, ойыңды тоқы. Бір қолыңда кітап, бір қолында қамшың болсын!. Сонда ғана сен елге қорған-тірек бола аласың.

Ұлжан: -Қарағым, әжеңнің де әкеңнің де аманатын ақтайтын азамат болып өс!.

Құнанбай:

– Абай, балам, бүгін сені ауыл би-шешендерімен таныстырайын деп едім, олардан үлгі-өнеге үйренгенің жақсы. Жас кезіңнен білімге, сөзге ден қой.

Абай:

– Жақсы, әке. Мен үлкен адамдардың өсиетін тыңдауға әзірмін. Әжем де көп өсиетті әңгімелерін үйретіп келеді.

Құнанбай (жымиып):

– Ол ойың жақсы екен, бірақ ең әуелі адамға сабыр мен білім керек.

(Киіз үйге ауылдың ақсақалдары кіріп келеді. Абай тұрып: «Ассалаумағалаейкум» деп амандасады. Құнанбай келген қонақтарды келіңіздер, дәмнен ауыс тиіңіздер, қонақ болыңыздар деп дастарханға шақырады. (Сахнада би-шешендермен амандасу көрінісі)

Жидебай: Асымыз дәмді, берекелі болсын,
Денсаулық пен ырысымыз мол болсын.
Жүрегіміз бен тілегіміз бір болсын!

Жидебай: - Ал, бізді қандай мәселемен шақырдыңыз, айта отырыңыз

Құнанбай:

– Ауылымыздың жағдайы жақсы емес. Жеріміз тарылып, малымыз азайып барады. Осы жағдайды қалай түзейміз?

Жидебай:

– Бірлік болмаса, береке болмайды. Елдің келешегі – жастардың қолында. Соларға білім мен тәрбие беруіміз қажет.

Құнанбай:

– Иә, дұрыс айтасыз, мен де солай ойлаймын. Мінекей, Абайдай жігіттер шықса, елге пайдасы тиеді. Ол білімге жақын, ақылды болып өсті.

Бәйменде (күлімдеп):
– Иә, жастарымыздың ішінде ерекше даралары бар. Оларды қолдау керек. Тек қолдау ғана емес, дұрыс бағыт көрсету керек.
Құнанбай: Ал, ақсақал, бұлай күнде басымыз қосыла бермейді. Соның құрметіне әу деп жіберсеңіз қалай? Қазақтың қара домбырасын өзіңізбен бірге ала келіпсіз.
Бәйменде домбырамен «Көк жөтел» әнін орындайды.
Барлығы қол шапалақтап қошемет көрсетеді.
Абай орнынан атып тұрып: «Қандай керемет!» Мен де өлең оқып жіберейін *(Абай өлеңді мәнерлеп оқиды):*
Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың — жалын, артың — мұз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Акырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

Ауыл ақсақалдары: Жарайсың, Абай, өркенің өссін!
Құнанбай: Ақсақал, Абай сіздей сөзге шешен, алғыр болсын деп батаңызды беріңіз.
Бәйменде ақсақал Абайға қарап, сәл іркіліп, батасын береді

Бәйменде ақсақал (қолын жайып):
– Кел, қарағым, Абайжан!
Жас болсаң да, сөзіңде нәр бар, көзіңде жалын бар екен.
Ата-баба жолын жалғар, елінің арын арқалар азамат бол!
Жаратқан ием жар болсын,
Ақылың асып, сөзің тасып,
Көптің көкейіндегісін дөп басып,
Әділеттің туын тік,
Білім мен ойды серік ет!
Атың озсын, халқың сүйсін,
Қараңғыда шырақ, тар жерде пана бол!
Ғұмырлы бол, ғибратты бол,
Еліңе елеулі, жұртыңа сыйлы бол, қарағым!

(Барлығы «Әумин» деп қол жайып, батаға қосылады.)
(Құнанбай Абайдың иығынан сүйеп, маңдайынан сүйеді. Абай үнсіз ғана басын изейді – бұл үнсіз ризалық пен болашаққа іштей ант бергендей әсер қалдырады.)
(Фон музыка: домбырамен күй тартылып жатады)
Жүргізуші:
– Міне, осылайша әжесі Зеренің әлдиі мен ұлағаты, анасы Ұлжан мейірімі, әкесі Құнанбайдың қаталдығы мен көрегендігі, ауыл ақсақалдарының өсиеті – Абайдың жүрегіне ұялап, қазақтың ұлы ақынына айналуына жол ашты. Алда оны ақындық жол күтіп тұрды…

Барлық кейіпкерлер сахнаға шығып иіледі. (баяу музыкалық фон)

Жүргізуші: Қуат Ерқанаттың орындауында **«Көзімнің қарасы»** әнін қабыл алыңыздар!

(экраннан Абайдың өмірбаяны туралы бейне-ролик көрсетіліп тұрады)

Жүргізуші:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп ойнап күлмес!
Өлді деуге сияма, айтыңдаршы.
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған!

Абай – қазақ халқының рухани көсемі. Оның өлеңі – өмірдің үні, бір ғибрат. Сахна төріне Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқитын оқушыларымызды шақырамыз.

Ведущий: А сейчас мы приглашаем на сцену наших замечательных детей с каждого отряда для выразительного чтения стихов Абая.

1-топ: Егізбай Әл-Мансұр «Есіңде ме жас күнің»

2-топ: Ербосын Айша «Жаз!»
4-топ: Кенжебаев Нұрбол «Ғылым таппай мақтанба»
5-топ: Төлеубай Арай «Қыс»
3-топ: Қуат Ерқанат «Қараңғы түнде тау қалғып»

Жүргізуші:

Жүрегін шырақ етіп жандырған кім,
Жырымен жан сусынын қандырған кім?
Өзіне - өзі орнатып ескерткішті,
Мұра ғып кейінгіге қалдырған кім?
Абай – тек ақын емес, **ұлы ойшыл**. Оның қара сөздері – **халықтың рухани асылы**!. Ендеше, тыңдайық....

Жумабек Інжу, Арыстанғали Қуанышбек.

Ведущий: *(на экране поочерёдно появляются мудрые высказывания Абая)*

Почтить великого Абая — значит не просто заучивать его наследие, а вдохновлённо рождать новые слова, новые стихи в его духе. Итак, приглашаем на сцену наших учеников, посвятивших свои строки Абаю от чистого сердца.

Жүргізуші: ***(экранда Абайдың даналық сөздері кезектесіп көрсетіліп тұрады)***
Ұлы Абайға тағзым ету – тек оның мұрасын жаттап қою емес, сол рухпен жаңа сөз, жаңа жыр тудыру. Ендеше, Абайға арнап, өз жүрегінен жыр төккен шәкірттерімізді ортаға шақырамыз.

1. Марат Ералы

2. Мусилимова Анар

II – Тәрбиеші: Міне, шәкірт жүрегінен туған жырлар – Абай рухына тағзымның белгісі. Ұлы Абайдың өнегесімен туған жаңа сөздер оның мәңгілік өмір сүріп жатқанын тағы да дәлелдейді. Бүгін біз Абайдың өнегелі өмірінен сыр шертіп, өлеңін оқып, әнін тыңдадық. Ұлы ойшылдың рухани мұрасы бізбен бірге мәңгі жасай береді.

Бәрі бірге «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтұғын артынан сөз қалдырған!».

Ведущий: Сегодняшний вечер стал напоминанием о великом наследии Абая. Его мудрые слова, глубокие мысли и проникновенные строки остаются живыми и актуальными. Они пробуждают в нас стремление к добру, знаниям и внутренней чистоте.

Пусть творчество Абая продолжает вдохновлять каждого из нас. Его духовное наследие — это свет, который освещает путь к истине и человечности. Благодарим всех за участие и внимание!

«Желсіз түнде жарық ай» әні хормен орындалады.

Қонақтарға сөз беріледі:

Садуова Б.С.: Құрметті қонақтар! Қымбатты балалар! Қазақ халқының ұлы кемеңгер ақыны Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай ұйымдастырылған "Дана Абай - дара Абай" атты тақырыбында өткізілген іс - шара жоғары деңгейде өтті деп бағалаймын.
Абай өзінің поэзиясымен қазақтың көркем әдебиетін өлшеусіз биікке көтерсе, әдеби тілді дамытып, қалыптастыруда да аса үлкен еңбек сіңірді. Ол қазақтың жазба әбебиеті тілінің де негізін салған ұлы тұлға.
Бүгін ақынның қара сөздерін, өлеңдерін мәнерлеп оқып, сахналық қойылым арқылы білімге, өнерге, адалдыққа, еңбексүйгіштікке құштар екендіктеріңді көрсете білдіңдер. Осы іс - шараға белсене атсалысқан кішкентай Абайтанушыларға зор алғыс білдіре отырып, болашақтарың жарқын болсын дегім келеді!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені

"Қарбыз күні!" атты
ойын – сауық бағдарламасының
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Узенова Рахия

Өтетін күні: 30.07.2025 ж.
Өтетін жері: Холл ОСК
Өтетін уақыты: 15:00
Қатысушылар: 2025 жылдың 8 - ауысым қатысушылары, педагогикалық және медициналық ұжым

Мақсаты:

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру. Жақсы көңіл-күй қалыптастыру.

Көрнекілігі:

Қарбыз, планшет, безендірілген сахна.

Іс-шараның барысы

Музыка ырғағымен жүргізуші ортаға шығады.

Жүргізуші: О, мен қайда тап болдым! Қызық, қызық!

Білесіңдер ме, мен ауладағы шырынды, пісіп-жетілген қарбызды соншалықты жегім келіп еді!.. Сықырлы сөз айтып қарбыз еліне бармақ болғанмын. Шамасы, бірдеңені дұрыс айтпадым-ау деймін, сол үшін сендерге келген секілдімін ... Жалпы, бұл жерде не болып жатыр? Жан-жақтың барлығы соншалықты әдемі! Айнала жасыл, қызыл әлем!

(балалар жауап береді)

Жүргізуші: Так у вас праздник арбуза? Поэтому я пришел сюда! А вы, наверное, любите вкусные, сочные ягоды?... А арбуз - это сочный и вкусный фрукт! А что такое арбуз? (ответы детей) **(балалардың жауаптары).**

Мен енді бәрін біліп жүретін боламын. Ал сендер маған көмектесіңдер! келістік пе? Балалар, ал сендер білесіңдер ме?

3 тамызда әлем елдері дәмді мереке - қарбыз күнін атап өтеді. Үлкен, тәтті, сергітетін, кез-келген күнді нағыз мерекеге айналдыратын қарбызды қалай жақсы көрмейсің? Оның тарихы АҚШ-тан басталады, онда ол Ұлттық қарбыз күні ретінде аталып өтіледі.

Жүргізуші: Бәріміз бірге қайталайық: Арам-зам-зам (қозғалыстарды бірнеше рет айтамыз және жылдамдатамыз)

Давайте все вместе повторим: Арам-зам-зам, Арам-зам-зам!

«Арам-зам-зам» жеделдету биі

Биден кейін дыбыс шығады, Қарбыз ханшайымы мен Асқабақ пайда болады.

Қарбыз ханшайымы: (Асқабаққа бет бұрады) Асқабақ, қайда келдік?, науқан шынымен де басталып кетті ме?

Асқабақ: Не похоже на то, что мы собираем урожай, как - будто здесь проходит праздник «День арбуза!»

Жүргізуші: О, қыздар, сендер кімсіңдер?

Қарбыз ханшайымы: Біз асқабақ тұқымдастарының нағыз ханшайымымыз!

Асқабақ: Я тыква, а это - арбуз.

Жүргізуші: ООО! Қандай күшті! Мен қарбызды өз көзіммен көрдім!

Сіз қарбыз патшалығының нағыз ханшайымы екенсіз. Сіздердің патшалыққа барғым келіп тұр. Қарбыздар көөөөөп шығар, иә?

Асқабақ: Возможно, мы поможем вам... Если вы поиграете с нами!

Қарбыз: Мен нағыз қарбыз байқауын ұйымдастыруды ұсынамын!

Жүргізуші: Балалар, ойын ойнағанды ұнатасыңдар ма? Біз өз күшімізді тексере аламыз ба? Біз көңілді болып, ойнаймыз ба?

Ал енді сайысқа түсейік!

Сонда біз дәмі керемет қарбызды сыйлық ретінде аламыз.

Қарбыз ханшайымы: Балалар ойын ойнауға топтарды шақырамыз. Ойынның шарты былай, балалар: қатысушылар екі топтан бір-бірден шығып жердегі қарбыздарды жинайды. Қарбызы ең көп команда жеңімпаз болып табылады.

Асқабақ: Ничто не может быть лучше холодного сочного арбуза в жаркий летний день. Без сомнения, этот фрукт нравится людям на протяжении тысячелетий. Арбуз впервые появился в Тропической Африке и оттуда распространился, там где почва и климат были для него подходящими. Арбуз - один из сортов дыни, семейства тыквенных.

Жүргізуші: Менің де дайындаған ойыным бар. «Бағбан - бақша өсіруші» деп аталады. Ойын командалық сайыс түрінде өтеді. Ортаға топтарды шақырамыз. Енді мен өте күрделі өлеңді оқимын, мұқият тыңдап, содан кейін команда бойынша аты аталған көкөністердің суретін жинайсыңдар. Өлеңде жасырылған көкөністер мен жидектерді қай команда көп жинаса , жарыста жеңіске сол топ жетеді. ***Жауаптар*** (қияр, қарбыз, қызанақ, қауын, қызылша, сарымсақ, пияз, қырыққабат, балдыркөк, асбұршақ, сәбіз, картоп, аспарагус, қаз, баклажан). Өлеңді тыңдайық.

Бақшаны бір өзгеше
Көрсетті бағбан бізге
Өсіп жатты онда мол
Жинауға тек керек қол
Қияр, сәбіз, картоп
Қызанақ, орамбұршақ
Асқабақ, қауын,
Мені түсінген бар ма адам...

Асқабақ: Арбуз любят везде, но есть страна, где к нему проявляют особое уважение. Это страна Мексика. На мексиканском государственном флаге изображены 3 цвета арбуза: зеленый, красный и черный.

Қарбыз: Келесі ойын үшін барлық қатысушыларға екі бағанада сап түзеу керек, допты басынан асырып бір біріне береді. Ең соңғы қатысушы алдына келіп тұрады. Осылайша ойынды жалғастырады.

Асқабақ : Ребята, мы еще не закончили. Теперь дети выстраиваются в ряды и будете собирать кусочки арбуза. Побеждает та группа, которая быстрее соберет.

Асқабақ: У меня тоже есть организованная игра. Приглашаю по одному игроку от каждой команды. Наш конкурс называется "Глютон". Кто быстрее съест кусочек арбуза. Только руками трогать нельзя!

Жүргізуші: Балалар, не деген шапшан едіңдер, жарайсыңдар!

Қарбыз ханшайымы. Балалардың ептілігі мен мергендігін тексеретін кез келген секілді. Мына шарлардың арасынан қарбызды кім жарса сол сыйлық алады.

Жүргізуші: Қарбыз бен Асқабақ сендерге қарап ойнағысы келіп кеткен секілді. Екеуімен ойын ойнасақ қалай болады?. Алдымен көздерін байлайық. Екеуі кезек - кезек бірін бірі тамақтандырсын.

Жүргізуші: Қарбыз патшалығынан келген ханшайымдар сендер билей аласыңдар ма? Мен билей алмаймын. Бәріміз бірге билейік, және де осы бимен кешімізді аяқтайық.

Оқу-сауықтыру кешеннің директоры **А.Т. Маденова**

«Бөбек» ҰҒПББСО
оқу сауықтыру кешенінің
2025 жылғы 16 шілде 06 тамыз аралығындағы
медициналық ауысым есебі
Бала саны – 110, 5-6-7 сынып оқушылары;
Ауысым тақырыбы: «Салауатты өмір салты»

Аймақ бойынша сауықтырылған балалардың сандық көрсеткіші

№ р/н	Облыстар атауы	Балалар саны	
		жоспарға сәйкес	нақты келген
1	Абай облысы	10	10
2	Алматы облысы	10	13
3	Атырау облысы	10	10
4	Жетісу облысы	10	10
5	Қостанай облысы	10	10
6	Қызылорда облысы	10	10
7	Маңғыстау облысы	10	9
8	Павлодар облысы	10	9
9	Түркістан облысы	10	10
10	Шымкент қаласы	10	10
11	Шығыс Қазақстан облысы	10	9
	Қорытынды	**110**	**110**

Павлодар облысынан денсаулығын оңалтуға келген 05.02.2013 жылғы Ақтай Маржан Нұржанқызын қабылдау көрсетіліміне қарсы диагнозбен қабылданбай (ДЗ: Идиопатическая эпилепсия) кері қайтуына орай және жол жүрерде ауырып қалуларына байланысты 2 бала (Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстары) келмеді. Орындарына Алматы облысынан 3 бала қабылданды.

Балалардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік жағдай	абс. сан	%
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	5	4,5
Аз қамтылған отбасынан	18	16,4
Жетім балалар	3	2,7
Көп балалы отбасынан	84	76,4
Жалпы балалардың ішінен - ауылдық	93	84,5
- қалалық	17	15,5
Экологиялық қолайсыз аймақтан келген балалар саны: 1. Павлодар облысы: - Баянауыл ауданы – 4 - Железин ауданы – 2 - Май ауданы -3	23	20,9

2. Қызылода облысы - Қармақшы ауданы – 10 3. ШҚО: - Риддер қаласы - 4		

Қабылдау кезінде жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында, дәрігерлер мен мейірбикелер балаларды битшеңдік, котыр мен қышыма және жұқпалы ауруларға қарап тексеріп, балалардың денсаулығы туралы қорытындыны медициналық картаға (нысан №003/у) 2020 жылғы 30 қазандағы №907 ҚР ДСМ - 175/2000 бұйрығымен тіркелген.

Ауысым барысында күнделікті дәрігерлердің медициналық тексеруі, жалпы иммунитет көтеретін сауықтыру рәсімдері тағайындалды: жеткілікті толық түнгі ұйқысы және күндізгі демалысы үйлестірілген емдік-қорғау тәртібі, күніне 6-мезгіл емдік-сауықтыру-тамақтандыру (диета) №15; 3-ші тағамға «С» дәруменін қосу; климат әсерімен емдеу (күн, ауа ванналары); шунгитотерапия (жалаң аяқ жүру); галотерапия (тұзбен емдеу); криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау), көзге арналған жаттығу, таңертеңгілік жаттығу және бейімделген дене шынықтыру, инфекцияның созылмалы ошақтарын емдеу және әр балаға оның жасын, физикалық және психоэмоционалды жағдайын ескере отырып, жеке сауықтыру бағдарламасы жасалынды.

Аурудың көрсеткіштері бойынша - Надырбаев А., Чурчутбай Н., Азаматұлы А., Лупанчук Е. - №9 емдік столы, Құрманғали С., Исраилова Х- №7 емдік столы (диета) тағайындалды.

Балалардың аурушаңдық құрылымы

№	Аурулардың атауы	абс. саны	%
1	Ақуыз-энергетикалық жетіспеушілігі	18	16,4
2	Артық дене салмағы	2	1,8
3	Бүйрек ауруы (2-х стор.гидронефроз,)	2	1,8
4	Жиі ауыратын бала (бадамша таңлай гипертрофиясы, созылмалы тонзиллит, ринит, мұрын пердесінің қисаюы, созылмалы пульпит, созылмалы периодонтит, кариес, тістің орналасу аномалиялары, созылмалы отит)	66	60,0
5	Қан аздық	16	14,6
6	Ми дамуының аномалиясы – арахноидальды оң жақ сильвий саңылауы (Субарахноидальная киста сильвиевой щели справа)	1	0,9
7	Эндокринологиялық ауру (Гипопитуитаризм)	1	0,9
8	Тері аурулары (Атопический дерматит, токсико-аллергиялық дерматит)	3	2,7
9	Туа біткен ұршық басының шығуы (Врожденный вывих бедра)	1	0,9
	Қорытынды:	**110**	**100**

Лор дәрігері мен тіс дәрігерінің (стоматологтың) мұрын - жұтқыншақ, тіс және ауыз қуысы инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.

Мамандар	Жалпы балалар саны	Мұқтаж	Емделді
Тіс дәрігері	110	72/65,4%	42/58,3%
Лор дәрігері	110	3/2,7%	3/2,7%

Жеке физиотерапиялық процедураларды ауруға байланысты әр балаға дәрігер/физиотерапевт тағайындады және жеке қажеттілігіне қарай балаларға күніне 2-3 түрлі физиопроцедуралар түрі жүргізілді.

Физиотерапиялық процедуралар түрі

Физиопроцедуралар түрі	Процедура саны/процедура бірлігі
Альфакапсула	110/550
«Биоптрон» шамы	341/511,5
Дарсонваль тоғы	121/302,5
Магнитпен емдеу	217/651
Жылумен емдеу (теплон)	30/45
Емдік уқалау (массаж)	550/715
Электрофорез	112/224
УЗТ терапия	5/12,5
СМТ терапия	49/147
Сумен емдеу (ванна)	85/170
Ингаляция	199/199
Галотерапия	1650/1650
Шунгитотерапия	1650/1650
Криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау)	1100/1100
Парафинмен емдеу	35/87,5
Ультра фиолетті сәулелендіру (УФО)	550/825
Қорытынды	**6804/8840**

Сауықтыру тиімділігі: денсаулығы айтарлықтай жақсарған және едәуір жақсарған балалар саны 105/95,5%, өзгеріссіз 5/4,5%.

Алматы қаласы клиникалық ауруханаларына қаралғандар:

Мекеме атауы:	абс	%
№5 Қалалық клиникалық ауруханасы	2	1,8
№2 Қалалық балалар клиникалық ауруханасы	1	0,9

1. 28.07. күні Біржан Інжу 08.11.2013ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының лор дәрігерінің қабылдауында болды. «Оң жақ құлақ терісінің жұқпалы жарасы» диагнозымен іріңі тазаланып, симптоматикалық ем қабылдады.

2. Лупанчук Егор 06.09.2011ж, 31.07. – 04.08. аралығында №2 Қалалық балалар клиникалық ауруханасында «Токсико-аллергиялық дерматит» диагнозымен стационар жағдайында симпоматикалық ем қабылдады.

3. Базельбай Сұңғат 20.05.2011 ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының лор дәрігерінің қабылдауында болды. «Оң жақ ортаңғы құлақ қуысының қабынуы» диагнозы қойылып, симптоматикалық ем қабылдады.

Сенсорлық бөлмеде балалармен топтық реалаксация сағаттары өткізілді. Оқу-тәрбие және демалыс іс - шаралары, конкурстар, шығармашылық шеберхана және «Балаларға өмір сыйла!» атты жоба жоспарға сәйкес өткізілді.

Ата-аналар пікірлері:







Оқу-сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

Фото-есеп

Ауысым барысындағы күнделікті балалар дәрігерлерінің медициналық тексеруі және бақылауы.

Лор дәрігері мұрын - жұтқыншақ, құлақ инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі

Сауықтырылуға келген барлық балалар стоматологиялық кабинетте профилактикалық тексеруден өтеді және тістер мен қызылиек аурулары болған жағдайда тиімді ем алады.

Балалардың денелік (физикалық) даму деңгейін анықтау үшін түрлі функционалдық сынамалар жасалынады, яғни баланың жатқан күйіндегі пульс жиілігі мен артериалды қысымы (Генче сынамасы) өлшенеді

Альфа массажды капсула денсаулықты сауықтыру, оңалту және жағымды музыкалық терапия әдісі ретінде қолданылады. Балалардың көңіл-күйін көтеріп, рухани және физикалық денсаулығын жақсартады

Полярланған жарық тарататын «Биоптрон» сәулесі балаларға жағымды, қауіпсіз емдеуді ұсынады және ағзаның қорғаныс жүйесін арттырады. Биоптрон сәулесі әр түрлі аллергия және тері ауруларында, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін қолданылады.

Ультракүлгін сәулелерімен емдеу - ағзаның қызметін ынталандырудың тиімді құралдарының бірі. Оқу-сауықтыру кешенінде ультракүлгін сәулелері суықтың алдын алу және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.

Ультрадыбыстық терапия – емдік мақасатта ультрадыбыс қолданатын емдеу әдісі. Ауыспалы акустикалық қысым тіндердегі температураның жоғарылауына әкеледі, микроайналымды жақсартады.

Галотерапия - бұл денсаулықты нығайту үшін аурудың алдын-алу, сауықтыру және оңалту әдісінің бір түрі. Балалар сауықтыру ауысымы кезінде рухани рухани және физикалық денсаулықтың күш-қуаты мен үйлесімін арттыруға ықпал ететін галотерапия емдік шараларын күнде қабылдайды.

Емдік уқалау (массаж) –бұл адам ағзасына механикалық және рефлекторлық әсер ететін медициналық әдіс.
Емдік уқалаудың ағзаға кең ауқымды әсер етуі және дәрі-дәрмексіз пайдалануымен ерекшеленеді. Сауықтыру ауысымына келген барлық балалар емдік уқалау шарасын алады.

Парафин-озокеритпен емдеу - тырысқан бұлшық еттерді босаңсытуға және қабыну аурулары мен олардың алдын алуға ықпал ететін жылулықпен емдеу әдісі. Аталған процедура суықтың алдын алу, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.

Ингаляциялық терапия - жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының алдын алу және емдеудің ең қауіпсіз және тиімді әдістерінің бірі . Ингаляция қабылдау кезінде препараттар тыныс алу жолдарына тез және тиімді әсер етеді.

 Жылу терапиясы - бұл емдік мақсатта қолданылатын, иммундық жүйені нығайтатын, жүйке жүйесін тыныштандыратын магнит өрісі. Қызыл жарық пен магниттік сәулеленудің импульсті сәулеленуі аллергиялық жағдайларда тиімді, шырышты ісінудің алдын алып, мұрынның ағуы мен бітелуін және тамақ аурын жояды.	 Амплипульстерапия- күші төмен айнымалы синусоидальды модульдік токтармен әсер ететін электрмен емдеу әдісі. Оқу-сауықтыру кешенінде бұл әдіс сауықтырудың жұмсақ және мүлдем қауіпсіз әдісі ретінде кеңінен қолданылады.
 Дарсонваль - физиотерапиядағы сауықтыру - емдеу әдістерінің бірі. Дарсонваль аппаратын күнделікті қолдану балаларға суықтың алғашқы белгілерімен күресуге, иммунитетті нығайтуға, ас қорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіруге, көгерген кезде ауырсыну мен қабынуды жеңілдетуге, жүйке жүйесін тыныштандыруға мүмкіндік береді.	 Табан аймағында белсенді биологиялық аймақтар шоғырланғаны белгілі, олар ішкі ағзаның жұмыс белсенділігін арттыруға үлес қосады. Денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға мұз түйіршіктерімен массаж жасау арқылы бала денесінің әр түрлі жүйелерінде елеулі оң жылжуды ынталандыратын, терінің температурасы рұқсат етілген деңгейдің төменгі шегіне дейін төмендеген кезде жедел реакцияға және сауықтыруға бағытталған бұл әдіс кеңінен қолданылады.

Магнитотерапия- бұл төменжиілікті ауыспалы немесе тұрақты магнит өрісі қолданылатын физиотерапия әдісі. Физиотерапияның бұл әдісін оқу-сауықтыру кешеніне денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға жоғарғы тыныс жолдарының аурулары, көз патологиясы, өт шығару жолдарының қабыну кезінде сауықтыру және оңалту үшін кеңінен қолданылады.

Су және душтың әртүрлі түрлерімен емдеу балалардың денсаулығын оңалту мақсатында қолданылады. Судағы пайдалы заттар тері тініне терең еніп, ағзаға оң әсер етеді және сауықтырудың пайдалы түрлерінің бірі болып табылады.

Жаз айларында (күннің ыстықтығы) және дене белсенділігінің артуы салдарынан күнделікті суды тұтынудың мөлшері артады. Оқу-сауықтыру кешенінде балалар таза ауыз сумен қамтамасыз етілген, өйткені дұрыс ауыз су режимін сақтау дұрыс тамақтану сияқты баланың қалыпты дамуы үшін өте маңызды.

05.08. күні кешенде “Балаларға өмір сыйла!” жобасы аясында жәрмеңке ұйымдастырылып, балалардың өз қолдарымен жасаған бұйымдары сатылымға қойылды. Әр жұмыс жүректен шыққан шынайы еңбекті көрсетті.

29.07.2025 ж. «Бөбек» орталығының оқу - сауықтыру кешенінде қазақ руханиятының алып тұлғасы – Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған әдеби - сазды іс - шара өтті. Іс - шара шымылдығы Абайдың балалық шағынан сахналық қойылыммен ашылды. Оқушылар Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін мәнерлеп оқыды.
Шараның шарықтау шегі - барша қатысушының орындауындағы «Желсіз түнде жарық ай» әні хормен орындалды.

Бөбек” орталығының оқу - сауықтыру кешенінде Қарбыз күніне арналған көңілді іс - шара өтті.
Балалар қарбыз туралы қызықты мәліметтермен танысып, әртүрлі ойындар ойнап, қарбыздың суретін салып, көңілді жарыстарға белсене атсалысты.Шара соңында барлығы тәтті қарбыздан дәм татып, көтеріңкі көңіл - күймен өз өнерлерін ортаға салды.

25 жыл 16 шілде күні 14:00-де «Бөбек» оқу-сауықтыру кешенінің дене тәрбиесі пәні мұғалімі Трофимова Л.Н. «Бөбек» оқу-сауықтыру кешенінің балаларын сауықтыру мен оңалтудағы дене тәрбиесінің рөлі» тақырыбында тікелей эфирде сөз сөйледі.
Толығырақ сілтемесіне өтіп қарай аласыздар:
https://www.facebook.com/share/v/1Abx5dPhZS/

05.08. күні оқу-сауықтыру кешенінің дәрігері «Бөбек» Күзембаева Э.А. «Бөбек» ҰҒПББСО-да балалардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру» тақырыбында тікелей эфирде сөз сөйледі. Балалардың жазғы сауықтыру демалысының негізгі бағыттарымен таныстырып, сауықтыру және танымдық қызықты демалыс шараларының үйлесімділігі балалардың денсаулығын тиімді жақсартуға, ал балаларға алдағы оқу жылына күш-қуат алып, жақсы көңіл-күй алуына зор мүмкіндік екенін атап өтті.

Ата-аналар пікірлері:



Пересланное сообщение

Құрметті «Бөбек» сауықтыру ұжымы!

ШҚО, Күршім ауданының оқушылары жазғы демалысын Сіздерде өткізді. 22 күн демалыстарын пайдалы да қызықты етіп ұйымдастырғандарыңыз үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Сауықтыру орталығындағы тәртіп, балаларға деген қамқорлық, тәрбиелік және танымдық шаралар балаларға қатты унады. Тәрбиешілердің мейірімді қарым-қатынасы баларға үлкен әсер қалдырғаны анық.

Балалар демалыстан тамаша көңіл-күймен, жаңа достар тауып, көптеген жақсы естеліктермен қайтты. Сәуле Кенесбековна, тәрбиешілер, медбикелер және де сауықтыру шараларын өткізген дәрігерлер Сіздерге алғысымыз шексіз. Еңбектеріңізге жеміс, дендеріңізге саулық тілейміз!

Ізгі ниетпен, оқушылар, ата-аналар атынан Күршім ауданы бойынша білім бөлімі

06.08.2025 ж

15:59



Құрметті Бөбек балалардың сауықтыру мекемесінің басшылары мен қызметкерлері сіздерге көптен көп үлкен рахмет!!! Өткен 22 күнде балаларымыз сіздердің еңбектеріңіз арқасында біршама денсаулықтар түзеп керемет демалды. Бұл демалыс балалардың есінде мәңгі сақталады және ұмытылмас сәт сыйлады. Еңбектеріңіз жандана берсін, Бақыт,байлық,қуаныш тілейміз!!!

09:55



Абай облысы, Мақаншы өңірінен келген оқушылар 2025 жылдың 16 шілдесі мен 6 тамызы аралығында «Бөбек» республикалық сауықтыру орталығында жазғы демалыстарын өткізді. Балалардың 22 күндік демалысын мазмұнды, қызықты әрі пайдалы етіп ұйымдастырғандарыңыз үшін Сіздерге шын жүректен алғысымызды білдіреміз! Балалар демалыстан ерекше әсермен, көтеріңкі көңіл-күймен оралып, жаңа достар тауып, жарқын естеліктермен бөлісіп жатыр. Бұл — Сіздердің бірлескен еңбектеріңіздің жемісі.

Барлық тәрбиешілерге, дәрігерлер мен орталық ұжымына зор алғысымызды білдіреміз! Еңбектеріңіз жана берсін, дендеріңізге саулық, қызметтеріңізге табыс тілейміз!

Ізгі ниетпен,



Сәлеметсіздер ме? Құрметті "Бөбек" орталығы, мекеме басшылары,тәрбиешілері Бақдәулет мырза, Лаззат ханым мен Әсел ханым сіздерге үлкен алғыс білдіремін. Қайтып жатқан балаларға Ақжол тілеймін. Енді барлық балалар үйлеріне аман есен жетіп қуанайық. Орталықтың қызметіне ризамын, өткен 21 күн бойы балаларымызға көрсеткен еңбектеріңіз ұшаң теңіз, балалармен бірге өзімде толқып отырмын. Көріниіп тұр балалар бір біріне бауыр басып бір үйдің баласындай тату- тәтті демалыстарын өткізгені.

Орталық кешеніне тек шығармашылық табыс, еңбектеріңіз жанып мәртебелеріңіз биіктей берсін деп тілейміз. Ізгі ниетпен Роза Русланқызы Аяланың анасы.

09:48

Әлеуметтік желілердегі посттарға сілтемелер

1. **Тікелей эфирге анонс**
https://www.instagram.com/p/DMHfC7kik5B/?igsh=MWtueHFqemh5ZGYwMg==%D1%8D
2. **Тікелей эфир. «Бөбек» оқу-сауықтыру кешенінің балаларын сауықтыру мен оңалтудағы дене тәрбиесінің рөлі»**
https://www.instagram.com/p/DMKwgtGC6Wz/?igsh=NjZzYm90ZmFuZ2ds
3. **Ингаляциялық терапия**
https://www.instagram.com/p/DMXH-eSi7M8/?igsh=MTUwNDNoYTNuaWxpaw==
4. **Жалпақтабандылықтың алын алу шарттары**
https://www.instagram.com/p/DMZ_fTeiQzB/?igsh=b29oMWpxY3p1eHk45.
5. **Судың емдік қасиеті**
https://www.instagram.com/p/DMhXgdNiBHv/?igsh=MXU4dWE1ajh2OTNkbA==
6. **«Дана Абай – Дара Абай!» атты әдеби сазды кеш**
https://www.instagram.com/p/DMsBnHRCz4p/?igsh=YWxwNzZ5M3prMGE4
7. **3 тамыз - Қарбыз күні**
https://www.instagram.com/reel/DM5mshEiTdZ/?igsh=MWxlbDZzbmU3enNnNw==
8. **Тікелей эфирге анонс**
https://www.instagram.com/p/DM7K1hTiH_m/?igsh=MTc3dHI0MDc0ZXVqZg==
9. **Тікелей эфир. «Бөбек» ҰҒПББСО-да балалардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру»**
https://www.instagram.com/p/DM-eQ1jCnkb/?igsh=MXA4ajl6MGJna205cQ==
10. **«Балаларға өмір сыйла!» жобасы**
https://www.instagram.com/p/DNAQuHKCM7B/?igsh=MWZjeTcxcGViNzNwMQ==

Ауысым туралы бейнематериалдар (ролик)
https://drive.google.com/file/d/129bPRvma2OReVmz2AJ0NzGaUcj7wDmQ9/view?usp=drive_link